

ЖАРИЯ ШАРТ - ОФЕРТА АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ

Осы жария ұсыныс (бұдан әрі – «Оферта») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 387-бабына сәйкес "EduKey.kz" ЖШС (бұдан әрі – «Орындаушы») тарапынан жасалған ресми ұсыныс болып табылады және EduKey.kz платформасында ақпараттық технологиялар саласындағы әртүрлі бағыттар бойынша қызметтерді (бұдан әрі – «Қызметтер») алғысы келетін жеке немесе заңды тұлғаларға арналған.

Орындаушы өз платформасы арқылы білім беру қызметтерінен бастап, цифрлық оқыту шешімдері, онлайн курстар, тестілеу жүйелері, білім беру платформаларын әзірлеу және басқа да IT шешімдер бойынша қызметтерді ұсынады.

1. ТЕРМИНДЕР

1.1. **Оферта** — бұл Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 387-бабына сәйкес, барлық шарттары мен талаптарын қамтитын, Пайдаланушыға қызмет көрсетуге ұсыныс.

1.2. **Акцепт** — Ұсынысты (офертаны) қабылдаған тараптың келісімін білдіретін жауабы.

1.3. **Орындаушы/Серіктестік** — EduKey білім беру орталығы, осы оферта негізінде қызметтер көрсететін заңды тұлға.

1.4. **Платформа/вебсайт** — Ұсыныс шеңберінде ұсынылған ақпарат (мәтіндік, графикалық, аудио-визуалды немесе басқа) орналастырылған бірегей желілік адрес және/немесе домен атауы, бұл ақпарат осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

1.5. **Ақпараттық қызметтер** — EduKey.kz платформасы арқылы ұсынылатын білім беру курстары және цифрлық дайындық қызметтері. Орындаушы ақпараттық технологияларға негізделген интерактивті оқыту құралдары, онлайн тестілеу жүйелері (ҰБТ, PISA, МОДО, ПББ және т.б. тестілеулеріне), аналитикалық платформа шешімдері, білім беру процестерін цифрландыру және білім беру мазмұнын жеткізуге арналған IT шешімдерді ұсынады. Қызметтер электронды форматта, ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ұсынылады және ақпараттық және интерактивті сипатқа ие.

2. ОФЕРТАНЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІ

2.1. Осы оферта Пайдаланушыға оның барлық шарттары мен талаптарымен танысу және қабылдау ұсынылғаннан кейін күшіне енеді.

2.2. Пайдаланушы осы офертаға келісімін **платформаны қолдану** арқылы білдіреді.

2.3. Оферта Пайдаланушының тіркелуі немесе қызметті пайдалануы арқылы толықтай қабылданған болып саналады.

3. ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ

3.1. Орындаушы Пайдаланушыға келесі қызметтерді ұсынады:

- Білім беру бағдарламалары

- Тренингтер мен онлайн ІТ курстары
- Тест жинақтары
- Өзге де білім беру қызметтері

3.2. Қызметтің нақты түрлері, мерзімі, көлемі және орындалу тәртібі Пайдаланушы мен Орындаушы арасында келісім шартта нақты белгіленеді.

3.3. Пайдаланушы ұсынылған қызметтер үшін толық төлем жасауы тиіс.

3.4. Келісім офертаны қабылдау сәтінен бастап күшіне енеді және міндеттемелер толық орындалғанға дейін жарамды болады.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Орындаушының міндеттері:

4.1.1. Осы келісімнің шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау.

4.1.2. Толық төлем жасалғаннан кейін платформаға қолжетімділік беру.

4.1.3. Көрсетілетін қызметтер бойынша толық міндеттемелерін орындау.

4.2. Орындаушының құқықтары:

4.2.1. Келісімнің шарттарының орындалуын талап ету.

4.2.2. Платформаның құрылымын, интерфейсін, мазмұнын және техникалық мүмкіндіктерін өзгертуге.

4.2.3. Платформаның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін техникалық қызмет көрсету, жанарту және жүйені жетілдіру жұмыстарын жүргізуге.

4.2.3. Қызмет көрсету ережелерін, қолжетімділік шарттарын, қызметтердің ауқымын және мазмұнын өзгертуге.

4.3. Пайдаланушының міндеттері:

4.3.1. Осы келісімнің шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау.

4.3.2. Қызметтерге қатысты төлемдерді белгіленген тәртіппен және уақытында жүргізуге.

4.3.3. Платформаны тек заңды мақсаттарда және осы Келісім аясында пайдалануға.

4.3.4. Платформада ұсынылған материалдарды рұқсатсыз көшіруге, таратуға немесе үшінші тұлғаларға беруге жол бермеуге.

4.3.5. Платформаның жұмыс істеуіне кедергі келтіретін әрекеттер жасамауға және қауіпсіздік талаптарын сақтауға.

4.4. Пайдаланушының құқықтары:

4.4.1. Келісімнің шарттарының орындалуын талап ету.

4.4.2. Қызметтердің мазмұны, қолжетімділігі және пайдалану тәртібі туралы өзекті ақпарат алуға, сондай-ақ өзіне тиесілі материалдар мен ресурстарға онлайн түрде қол жеткізуге.

4.4.3. Қызметтерді заңнама мен осы Келісім шеңберінде еркін пайдалануға.

4.5. Пайдаланушы құқылы емес:

4.5.1. Пайдаланушы әлеуметтік желілерде (мысалы, Instagram, Facebook, Telegram, WhatsApp және т.б.) Орындаушының немесе оның қызметінің беделіне нұқсан келтіретін видеопосттар, фотопосттар, немесе историялар жариялауға тыйым салады. Бұл ережені бұзған жағдайда, Пайдаланушы Орындаушыға айыппұл төлеуге міндетті. Айыппұл сомасы келесі түрде есептеледі: 1) бұзушылықтың әрбір фактісі үшін

айыппұл сомасы 50 000 (елу мың) теңге; 2) айыппұл сомасы келісім-шарттың талаптарын бұзу нәтижесінде Орындаушының қаржылық немесе репутациялық зиянға ұшыраған жағдайда, қосымша шығындар да талап етілуі мүмкін.

5. ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ

5.1. Пайдаланушы платформада тіркеу кезінде нақты деректерді енгізуге және өз паролін үшінші тұлғаларға ашпауға міндеттенеді.

5.2. Пайдаланушы өз аккаунтын пайдалану кезінде барлық әрекеттер үшін жауап береді.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар келісімнің шарттарын орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.2. Тапсырыс беруші компания туралы жалған ақпарат тарату және ішкі тәртіпті бұзу тыйым салынады.

6.3. Пайдаланушы әлеуметтік желілерде Орындаушы туралы теріс, жалған немесе арандатушы ақпарат жарияламауға міндетті. Егер бұл ереже бұзылса, Орындаушы Пайдаланушыдан осы Жария шарттың 4.5.1 бабына сәйкес айыппұл талап ету құқығына ие болады.

6.4. Келісім шарттарын бұзған немесе міндеттемелерін орындамаған жағдайда Пайдаланушы платформаны қолдану мүмкіндігінен айырылады.

6.5. Пайдаланушының жеке деректерін келісім-шартта көзделмеген жағдайда немесе жеке келісімін алмаған жағдайда пайдалануға тыйым салынады.

7. ҚҰПИЯЛЫҚ

7.1. Пайдаланушының жеке деректері тек қызмет көрсету үшін ғана пайдаланылады және үшінші тұлғаларға берілмейді.

7.2. Тараптар бір-бірінің жеке деректерін құпия сақтау бойынша міндеттемелерін орындауға тиіс.

8. ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

9.1. Орындаушы Қызметтерді уақытша немесе толық тоқтата алады келесі жағдайларда:

- Пайдаланушы осы Келісімнің шарттарын бұзса;
- Қызмет үшін төлем уақтылы жүргізілмесе;
- Техникалық себептерге немесе жоспарлы жұмыстарға байланысты платформа уақытша жұмыс істемесе;
- Пайдаланушы тарапынан заңсыз немесе басқа пайдаланушыларға кедергі келтіретін әрекеттер жасалса.

9.2. Қызметтердің тоқтатылуы туралы ақпарат Пайдаланушының электрондық info.edukekey.kz@gmail.com поштасына немесе жеке кабинеті арқылы хабарланады.

10. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСЫ

10.1. Оферта қабылданған соң, Тараптар арасындағы келісім шарт түрінде күшіне енеді.

10.2. Шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін, Тараптар қайтадан келісім жасауы мүмкін.

13. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

13.1. Тараптар осы офертаның шарттарымен толық танысқанын растайды.

13.2. Серіктестіктің орналасқан жері осы Оферта негізінде шарт жасасу орны болып танылады.

13.3. Осы Офертамен көзделмеген барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

13.4. Осы Офертаның қандай да бір ережесінің жарамсыздығы барлық Офертаның/Шарттың жарамсыз болуына әкеп соқпайды.